



## АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ДЕНСАУЛЫҒЫ

Г.К. Оспанова

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі  
Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіріу институты, Алматы қ.

### СОСТОЯНИЕ ЗДОРОВЬЯ ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ Г. АЛМАТЫ Г.К. Оспанова

### STATE OF CHILDREN'S AND TEENAGER'S HEALTH IN ALMATY CITY G.K. Ospanova

*Высокая заболеваемость детей и подростков г. Алматы в сравнении с общереспубликанским показателем был основанием для детального изучения их в связи с различными причинами приводящих к увеличению заболеваемости.*

*High sickness rate of children and teenagers of city Almaty in comparing with general republic's index give retch for detailed study in connection with different causes that bringing to increase of sickness*

Балалар денсаулығы – қоғам денсаулығының басты көрсеткіші болып табылады. Кейінгі жылдары қазіргі замандағы өзгермелі саяси, өлеуметтік-экономикалық даму жағдайына байланысты, халықтар тіршілігінің күрт өзгерістерге ұшырап жатуы, әсіресе сыртқы орталық факторлардың өзгерісіне өте сезімтал келетін, биологиялық есу процесі ұзақ жылдар бойы мектептік оқу орындарының қабырғасында өтетін, әртүрлі жастардағы мектеп оқушыларының денсаулығының қалыптасуына мектеп ішілік факторларының тікелей әсерін тигізіп отырғандығы, балалар мен жасөспірімдердің денсаулық көрсеткіштерінің төмендеп бара жатқандығы туралы көп айтылуда.

Ресей мәліметтері бойынша соңғы 5 жылдықта 0-ден 14 жасқа дейінгі балалар арасындағы аурушаңдық 21,7%-ға, жасөспірімдерде -24%-ға өскен. Осы зерттелген балалардың 70%-ы 7-18 жас аралығындағы мектеп оқушылары және аурудың басым бөлігі көбінесе осы мектеп оқушыларына келетіні туралы айтылады. Яғни, осы аралықтағы мәлімет бойынша жаңа үлгідегі мектептік оқу орындарындағы 8-10 жас аралығындағы мектеп оқушыларының денсаулығын зерттеу нәтижесі жүйке жүйесі аурулары 81%-ға, асқазан-ішек жолдары аурулары 52,2%, аллергиялық реакциялар - 45%, респираторлық аурулар - 41%, жүрек қан тамыр жүйесіндегі ауытқулар - 36% және зәр жүру, жыныс жолдары аурулары 5,4%-ға дейін жететіндігін көрсеткен [1,2].


Біздің елімізде мұндай балалар арасындағы аурулар таралуына, әсіресе әртүрлі мектептік білім беру орындарындағы оқушылар ауруларына салыстырмалы түрде тыңғылықты жасалған мәлімет көздері жоқ. Денсаулық жылында мектеп оқушыларына арнайы жүргізілген скрининг-тексерулер мәліметтері мәселенің өте күрделі екенін байқатады [3,4]. Алматы қаласы бойынша талдап жасалған деректерден, қала балаларының денсаулық жағдайы алаңдатушылық туғызатындай күрделі жағдайда қалып отырғанын байқауға болады [5].

Осыған байланысты біз Алматы қалалық денсаулық сақтау департаменті мен қала аудандарында орналасқан санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау орындарының мәліметтері бойынша кейінгі жылдардағы (2004-2006жж) қала балалары мен жасөспірімдері

ауруларының көрсеткіштерін Республика көрсеткішімен салыстырғанымызда олардың арасындағы жалпы аурулар таралу көлемі республика көлеміндегі аурулар көрсеткішінен 40% жоғары болса, жасөспірімдер арасында таралған аурулар республика көлемінен 182,7%-ға жоғары екені байқалды [5].

Қала балаларындағы аурулардың нозологиялық түрлерінің барлығы дерлік Республика көрсеткішінен бірнеше есеге жоғары (балалар арасында 10,7%-дан (жарақат алу, улану), 75%-ға дейін (жүйке ауруы), жасөспірімдерде 5,3%-дан (жарақат алу, улану), 228,2%-ға дейін (жүйке ауруы) сенімділік көрсеткіші ( $P < 0,05$ ,  $P < 0,001$ ) екендігі қала балалары мен жасөспірімдері арасында ауру таралу жағдайын жас-жыныс көрсеткіштеріне, тіршілік жағдайына байланысты салыстырмалы түрде терең талдап, зерттеп, алдын алу шараларын өңдеуге қажетті нақты мәлімет көзін жинауды қажет етіп отырған өте өзекті мәселе екенін байқатты.

Қала балалары арасында аурушылдық көрсеткішінің республика көрсеткіші көлемінен өте жоғары болу себебін екі жағдайға байланысты қарастыруға болатыны байқалады: Біріншіден Алматы қаласында республиканың басқа аймақтарына қарағанда дәрігерлік көмек жақсы жолға қойылғандықтан аурушылдықтың дер кезінде анықталуы және қала балаларының өз еркімен дәрігерге қаралуы басқа аймақтарға қарағанда жоғары болатындығынан, яғни, дәрігерлік қызметтің ұйымдастырылуына байланысты болуы мүмкін деп негіздеуге болса, екіншіден Алматы қаласы барлық жасалып жатқан алдын алу шараларына қарамастан экологиялық қолайсыздығы өте жоғары, кейінгі жылдары қала тіршілігіндегі урбанизация әсері, өлеуметтік қиыншылықтар айқын байқалатын еліміздегі ең ірі мегаполис. Әсіресе мектептік білім беру орындарындағы өсіп, даму үстіндегі балалар мен жасөспірімдер денсаулығының қалыптасуына әсер ететін факторлар жүктемесі, мектептегі ақпараттық-технологиялық жетістіктер, оқу үрдісіндегі жедел өзгерістерге байланысты еліміздің басқа аймақтарына қарағанда өте жоғары екені анық, сондықтан да қала балалары аурулары көрсеткішінің республика көлемінен жоғары болып келуіне толық негіз бар деп айтуға болады.



**1 сурет.** Алматы қаласы өртүрлі мектептік білім беру орындарындағы мектеп оқушылары денсаулық жағдайының салыстырмалы көрсеткіші, %

Еліміздегі өртүрлі бағыт, бағдарламадағы мектептік білім беру орындарының ең негізгі шоғырланған жері болғандықтан, нақты мектеп ішілік факторлардың өртүрлі жастардағы оқушылардың денсаулығына тигізетін әсерін салыстырмалы түрде зерттеп, сараптауға мүмкіндік беретін жер де осы Алматы қаласы болып табылады.

Осы мәселеге байланысты қаладағы өртүрлі мектептік білім беру орындарындағы (жалпы білім беру мектебі (ЖБМ), жаңа үлгідегі мектептер: гимназия, лицей, жеке мектептер) өртүрлі жастардағы балалар арасындағы аурулар таралуына салыстырмалы түрде талдау жасау арқылы нақты әсер етуші факторларды болжап көруді мақсат еттік.

Осы мақсатқа сәйкес Алматы қаласының өртүрлі мектептік білім беру орындарындағы (8 ЖБМ, 9 гимназия, 2 лицей, 2 жеке мектеп - барлығы 21 мектеп), медициналық қызметтің алғашқы құжаттарынан (негізінен 112 форма, баланың даму тарихы) өртүрлі жастардағы (9-15 жас аралығындағы) мектеп оқушыларының (барлығы 3600) аурулары туралы 4 жылдық (2004-2007) мәлімет жинадық.

Жұмыста жалпы қабылданған ақпараттық-аналитикалық, математикалық - статистикалық зерттеу тәсілдері пайдаланылды.

Зерттеу жұмысы Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының 1995 жылы соңғы қабылданған Аурулардың Халықаралық Жіктелмесіне сәйкес, балалар мен жасөспірімдер арасында жиі кездесетін аурулардың 11 түріне жасалды (1 сурет).

Нәтижесінде аурулардың нозологиялық түрлерінің мектеп оқушылары арасында таралуында бірінші орында тыныс алу органдарының (X класс) – 141,2%, екінші орында инфекциялық, паразитарлық (I) – 67,3%, үшінші орында жүйке жүйесі (VI) – 63,3%, төртінші орында көз және көз айналасының (VII) – 61,6%, бесінші орында ас қорыту органдарының (XI) – 57,4%, алтыншы орында эндокриндік (IV) – 48,7%, жетінші орында құлақ және құлақ өсіндісі аурулары (VIII) – 38,8%, сегізінші орында тері және тері асты аурулары (XII) – 26,6%, тоғызыншы орында сүйек-бұлшық ет жүйесі (XIII) – 25,4%, оныншы орында қан айналу жүйесі (IX) – 24,7%, және он бірінші орында зәр жүру, жыныс жолдарының аурулары (XIV) – 19,2% тұрғаны анықталды.

Зерттеуге алынған өртүрлі мектептік білім беру орындарындағы балалар ауруларына салыстырмалы зерттеу жүргізу нәтижесі жалпы алғанда аурулардың

ең төменгі көрсеткіші жалпы білім беру мектептерінде байқалды. Осыған байланысты жаңа үлгідегі мектептік оқу орындарындағы оқушылар ауруларының көрсеткішін ЖБМ көрсеткішімен салыстырғанымызда гимназия оқушыларының арасындағы аурулар 35,3%, лицейлерде 22,7%-ға, және жеке мектептерде 28,8% жоғары екендігі анықталды ( $P < 0,05$ ) (1 сурет).

Зерттеу нәтижесінде алынған нақты мәліметтерден мектеп оқушыларына жалпы қала бойынша әсер етіп отырған қолайсыз факторлардың әсері өте жоғары екендігі, және өрбір сипаттағы мектептік білім беру орындарындағы әсер етуші мектеп ішілік факторлардың әсері өртүрлі болатындығын байқауға болатындығы байқалды.

Сондықтан мектеп оқушыларының ауруларының алдын алу, денсаулығын нығайту және оқушылар организмінің қызмет қабілетінің дағдылану мүмкіндігін жоғарылату үшін бұл мәселені өрбір мектептік білім беру орындарының санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық жағдайына баға бере отырып және мектептік білім беру орындарындағы негізгі «қауіптілік» факторларды нақтыландырып, салыстырмалы түрде зерттеп, өрбір мектептік білім беру орындарына тән негізгі приоритетті «қауіптілік» факторларын анықтап алу қажеттігі байқалды.

Яғни, зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер Алматы қаласы бойынша жалпы білім беру мектептері мен жаңа үлгідегі мектептік білім беру орындарындағы оқушылар денсаулығының қалыптасуына әсер ететін факторлар түрі негізінен бір сипатта болғанымен мектеп ішілік факторлар көлемінің өртүрлілігін, жеке әсерін айқын болжауға мүмкіндік берді.

Сондықтан, болашақта мектеп оқушыларының денсаулығын сақтап, нығайтуға бағытталған арнайы алдын алу шараларын негіздеуге қажетті, ғылыми мәліметтер базасына қосылатын деректерді анықтап алу үшін, мектеп оқушыларын жас-жыныс, тіршілік іс әрекеттеріне қарай, әсер етуші факторлармен байланыстыра отырып, белгілі бағытта, салыстырмалы түрде тыңғылықты зерттеу жұмысы жүргізілуі қажет болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бурханов А.А., Хоррошева Т.А. Состояние здоровья учащихся школ различного профиля. Гигиена и санитария, 2006; 3:58-61
2. Рапопорт И.К. Оценка динамики заболеваемости школьников по результатам профилактических медицинских осмотров. Гигиена и санитария, 2005;6:48-50
3. Аканов А.А., Тулебаев К.А., Слажнева Т.И. т.б. Год здоровья: Основные результаты медицинского обследования и оздоровления школьников в возрасте от 12 до 18 лет. Информационный Вестник Медицинского Центра Управления Делами Президента РК. 2002;3:30-32.
4. Какенов С.К., Даленов Е.Д. Вопросы медицинского обеспечения школьников и сельского населения по итогам года здоровья. Медицина, 2003;2:95-97.
5. Бердимуратова Р.Ж., Кентаева М.М., Шарипова А.К. т.б. Состояние здоровья школьников по материалам детской поликлиники ДГКБ №1 г. Алматы, Казахстан. Материалы I (V) съезда детских врачей РК, Астана 2001;19-20с.
6. Сборники: Здоровье населения Республики Казахстан и деятельность организаций здравоохранения в 2004,2005,2006 году. Астана-Алматы.